	«Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
	САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ
	Іс-әрекет тәртібі туралы ереже

БЕКІТЕМІН
«Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
Ректоры
_____ Л.К. Байболова
«12» 10 2026 ж.

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ ЖОБА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.5-2026-48

КЕЛІСІЛДІ
«Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
АСж проректоры
_____ Э.Б. Аскарбеков
«12» 10 2026 ж.

Астана, 2026

Нұсқа: 2.0	**БД:**	**ЭҚА бойынша тіркеу № 01-4-4**

КІРІСПЕ

Осы Ережені «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ Білім беру бағдарламалары басқармасы және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі әзірледі.

Осы Ережені Ректор титулдық параққа өз қолын қою арқылы бекітеді.

Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ-ның Сапа менеджменті жүйесіне байланысты қызметті жүзеге асыратын барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті болып табылады.

Осы Ережеге мерзімді тексеруді Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы үш жылдан аспайтын мерзімділікпен жүргізеді.

Осы Ережеге өзгерістер «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметінде оны қолдану нәтижелері бойынша әзірленеді.

Құжаттаманы басқару процесінің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру үшін жауапкершілік Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысына жүктеледі.

2025 жылғы 18 маусымдағы ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.5/8.6-2026-49 «Магистрлік диссертация/жоба туралы ереже» күшін жойды деп танылсын.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе..... 2
1. Терминдер мен анықтамалар..... 4
2. Пайдаланылған қысқартулар мен белгілеулер..... 5
3. Жалпы ережелер және рәсімнің сипаттамасы..... 5
4. Магистрлік диссертацияның құрылымдық элементтеріне қойылатын талаптар..... 7
5. Магистрлік жобаның құрылымдық элементтеріне қойылатын талаптар..... 9
6. Магистрлік диссертацияны рәсімдеуге қойылатын талаптар..... 10
7. Магистрлік диссертацияны қорғауға ұсыну тәртібі..... 14
8. Магистрлік диссертацияны қорғау рәсімі..... 15
9. Үдеріспен байланысты тәуекелдер және олардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар..... 16
10. Магистрлік диссертацияны қорғау рәсімі..... 16
Қосымшалар..... 19
Мұқаба нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-01 (міндетті)..... 19
Титулдық парақ нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-02 (міндетті)..... 20
Магистрлік диссертацияны/жобаны ресімдеу нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-03 (міндетті)..... 21
Пайдаланылған дереккөздер тізімінің нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-04 (міндетті)..... 22
Суретті ресімдеу нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-05 (міндетті)..... 23
Кестені ресімдеу нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-06 (міндетті)..... 24
Магистрлік диссертацияны/жобаны өз бетінше орындау туралы өтініш нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-07 (міндетті)..... 25
Ғылыми еңбектер тізімінің нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-08 (міндетті)..... 26
Ғылыми жетекші пікірінің нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-09 (міндетті)..... 27
Магистрлік диссертацияға/жобаға берілетін рецензия нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-10 (міндетті)..... 28
Оқыту нәтижелерінің магистрлік диссертацияның/жобаның мазмұнына сәйкестік матрицасының нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-11 (міндетті)..... 28
Келісу парағы Н.СДД-7.5-2026-01-02 (міндетті)..... 29
Танысу парағы Н.СДД-7.5-2026-01-03 (міндетті)..... 29
Өзгерістерді тіркеу парағы Н.СДД-7.5-2026-01-04 (міндетті)..... 30
Мерзімді тексеру жазбалары парағы Н.СДД-7.5-2026-01-05 (міндетті)..... 30

1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Термин	Анықтама
Магистрантты академиялық аттестаттау	оқу жылы аяқталғаннан кейін магистранттың жеке жұмыс жоспарын орындауын бағалау.
ЖОО компоненті	жоғары оқу орнының өз бетінше айқындайтын, білім беру бағдарламасын игеру үшін қажетті оқу пәндерінің және оларға сәйкес академиялық кредиттердің ең төменгі көлемінің тізбесі
Магистранттың жеке жұмыс жоспары	білім беру бағдарламасы негізінде, ғылыми жетекшінің басшылығымен, магистранттың оқу мерзімінің толық кезеңіне арналған өз бетінше жасалатын жұмыс жоспары
Жеке оқу жоспары	білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен магистранттың әр оқу жылына арналған және магистранттың жеке жұмыс жоспарының бір бөлігі болып табылатын, өз бетінше қалыптастырылатын оқу жоспары
Құзыреттер	оқу процесінде алған білімді, білікті және дағдыларды кәсіби қызметте тәжірибелік тұрғыдан қолдана алу қабілеті
Таңдау компоненті	жоғары оқу орны ұсынатын, студенттер пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып кез келген академиялық кезеңде өз бетінше таңдайтын оқу пәндерінің және оларға сәйкес академиялық кредиттердің ең төменгі көлемінің тізбесі
Кредиттік оқыту технологиясы	академиялық кредиттер жинақтай отырып, білім алушының оқу пәндері мен (немесе) модульдерді оқу ретін таңдауы мен өз бетінше жоспарлауына негізделген оқыту
Магистр	магистратураның білім беру бағдарламаларын игерген тұлғаларға берілетін академиялық дәреже
Магистрант	магистратурада білім алып жатқан тұлға
Магистратура	кемінде 60–120 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін берумен кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі
Магистрлік диссертация	ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының, қазіргі заманғы ғылыми-техникалық жетістіктерге негізделген, таңдап алынған білім беру бағдарламасының өзекті мәселесі бойынша теориялық және/немесе практикалық әзірлемелерді қамтитын, дербес ғылыми зерттеу түрінде орындалған бітіру жұмысы
Магистрлік жоба	бейіндік магистратура магистрантының, таңдап алынған білім беру бағдарламасының өзекті мәселесін шешуге мүмкіндік беретін, теориялық және/немесе тәжірибелік нәтижелерді қамтитын дербес зерттеу түрінде орындалған бітіру жұмысы
Ғылыми-зерттеу жұмысы	бар білімді кеңейту, жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, ғылыми қорыту, жобаларды ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденістерді, зерттеулерді, эксперименттерді жүргізумен байланысты жұмыс. Ғылыми-зерттеу жұмысына ғылым мен практиканың заманауи жетістіктеріне негізделген магистрлік жұмыстың негізгі бөлімдері мен тарауларын орындау кіреді

Білім беру бағдарламасы	білімнің негізгі сипаттамаларын қамтитын, оқытудың мақсаты, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оны іске асыру әдістері мен тәсілдерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын біріктіретін біртұтас кешен
Постреквизиттер (Postrequisite)	осы пәнді және (немесе) модульді оқу аяқталғаннан кейін алынатын білім, білік, дағдылар мен құзыреттер талап етілетін пәндер мен (немесе) модульдер және басқа оқу жұмыстарының түрлері
Пререквизиттер (Prerequisite)	оқылатын пәнді және (немесе) модульді меңгеру үшін қажетті білім, білік, дағдылар мен құзыреттерді қамтитын пәндер мен (немесе) модульдер және басқа оқу жұмыстарының түрлері
Элективті пәндер	жоғары оқу орны енгізетін, студенттің жеке даярлығын көрсететін, әлеуметтік-экономикалық дамудың және белгілі бір өңірдің қажеттіліктерін, қалыптасқан ғылыми мектептерді ескеретін, белгіленген академиялық кредиттер шеңберіндегі вуздық компонент пен таңдау компонентіне кіретін оқу пәндері
Эксперименттік-зерттеу жұмысы	ғылыми тағылымдамадан өтуді және магистрлік жобаны орындауды қамтитын бейіндік бағыттағы магистранттың зерттеу жұмысы

2. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

Қысқарту	Мағынасы
АК	Аттестациялық комиссия
ЖООК	Жоғары оқу орнының компоненті
ЖОО	Жоғары оқу орны
МЖМБС	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
МЖЖЖ	Магистранттың жеке жұмыс жоспары
ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
ЭПК	Элективті пәндер каталогы
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
МҒЗЖ	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы
ҒТК	Ғылыми-техникалық кеңес
ЖОКББ	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі
БББ	Білім беру бағдарламасы
ПОҚ	Профессор-оқытушы құрамы
СДД	Стратегиялық даму департаменті
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
МӨЖ	Магистранттың өздік жұмысы
ҒК	Ғылыми кеңес
Университет	«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
ОӘК	Оқу-әдістемелік кеңес
МЭЗЖ	Магистранттың эксперименталды-зерттеу жұмысы

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ РӘСІМНІҢ СИПАТТАМАСЫ

3.1 Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ (бұдан әрі – Университет) магистратурасының білім беру бағдарламалары бойынша магистрлік диссертациялардың (жобалардың) құрылымы мен ресімделуіне, сондай-ақ оларды ұсыну және қорғау тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейді.

3.2 Осы Ереже магистрлік диссертациялар мен магистрлік жобаларды дайындауға, ресімдеуге, ұсынуға және қорғауға байланысты өкілеттіктері шегінде Университеттің Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі, академиялық комитеттері, бітіруші кафедралары, аттестаттау комиссиялары, ғылыми жетекшілері мен магистранттары қолдануға арналған.

3.3 Магистрлік диссертацияны ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистрант орындайды және ол тиісті білім беру бағдарламасы бойынша өзекті мәселенің дербес аяқталған ғылыми зерттеуі болып табылады. Жұмыста ғылым мен техниканың заманауи әдістері мен жетістіктерін қолдану арқылы алынған негізделген теориялық және (немесе) практикалық нәтижелер қамтылуға тиіс.

Магистрлік жобаны бейіндік бағыттағы магистрант орындайды және ол тиісті білім беру бағдарламасының өзекті мәселесіне байланысты қолданбалы міндетті шешуге бағытталған теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын дербес бітіру жұмысы болып табылады.

3.4 Магистрлік диссертация (жоба) білім алушының білім беру бағдарламасының барлық оқыту нәтижелеріне толық көлемде қол жеткізуін кешенді бағалауды және растауды қамтамасыз етуге тиіс; білім беру бағдарламасының барлық оқыту нәтижелері магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұнында көрініс табуға тиіс.

Әрбір білім беру бағдарламасы бойынша бітіруші кафедра осы Ережеге Ф.БББ-8.5-2026-48-11 қосымшасының нысанына сәйкес білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері мен магистрлік диссертация (жоба) мазмұнының сәйкестік матрицасын әзірлейді. Матрицада білім беру бағдарламасының барлық оқыту нәтижелері көрсетіледі және олардың қол жеткізілуі бағаланатын магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұндық элементтері белгіленеді. Толтырылған матрица тиісті білім беру бағдарламасы бойынша магистрлік диссертацияны (жобаны) орындауға арналған әдістемелік нұсқауларға енгізіледі.

3.5 Магистрлік диссертацияны (жобаны) магистрант ғылыми жетекшінің жетекшілігімен өз бетінше орындайды.

Магистрлік диссертацияға (жобаға) ғылыми жетекшілікті кадрларды даярлау бағытының бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі бар, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 (үш) жылды құрайтын, соңғы 5 (бес) жыл ішінде Басылымдар тізбесінің бірінші және (немесе) екінші және (немесе) үшінші деңгейіндегі ғылыми басылымдарда кемінде 5 (бес) ғылыми мақаланың және соңғы 5 (бес) жыл ішінде JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базасындағы Science Citation Index Expanded (Сайнс Цитэйшн Индекс Экспандед), Social Science Citation Index (Сошиал Сайнс Цитэйшн Индекс) немесе Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюмэнитис Цитэйшн Индекс) базаларының бірінде индекстелетін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 (бір) ғылыми мақаланың авторы болып табылатын не Scopus (Скопус) дерекқорында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын оқытушы жүзеге асырады.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» кадрларды даярлау бағыты бойынша білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысына (жобаларына) жетекшілікті тиісті бейіндегі, соңғы 5 (бес) жыл ішінде Басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда кемінде 5 (бес) ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушылар және (немесе) соңғы 10 (он) жыл ішінде кемінде 5 (бес) жыл практикалық жұмыс өтілі бар мамандар жүзеге асырады.

3.6 Магистрлік диссертацияның (жобаның) ғылыми жетекшісі:

3.6.1 магистрлік диссертацияны (жобаны) орындауға тапсырма береді;

3.6.2 магистрантқа бүкіл оқу кезеңіне арналған жеке жұмыс жоспарын әзірлеуге көмек көрсетеді;

3.6.3 магистрантқа қажетті негізгі әдебиеттерді, анықтамалық және мұрағаттық материалдарды, үлгілік жобаларды және басқа да дереккөздерді ұсынады;

3.6.4 ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысы шеңберінде магистрантқа таңдалған тақырыпты зерттеу және магистрлік диссертацияны (жобаны)

дайындау мәселелері бойынша консультация береді, сондай-ақ магистранттың жеке жұмыс жоспарының орындалуын бақылайды;

3.6.5 магистрлік диссертацияның (жобаның) барлық бөлімдерінің көлемін белгілейді және магистранттың жұмысын үйлестіреді.

3.7 Магистрлік диссертация ғылым мен практиканың заманауи теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктеріне негізделуге, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану арқылы орындалуға, қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерін қамтуға, тиісті білім саласындағы озық халықаралық тәжірибеге негізделуге және нақты практикалық ұсынымдарды қамтуға тиіс.

Магистрлік жоба білім беру бағдарламасының негізгі проблематикасына сәйкес келуге, ғылымның, техника мен өндірістің заманауи жетістіктеріне негізделуге, нақты практикалық ұсынымдарды, басқарушылық міндеттердің дербес шешімдерін, қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерін қамтуға, сондай-ақ озық цифрлық технологияларды қолдану арқылы орындалуға тиіс.

Магистрлік жобаға тән негізгі зерттеу әдістері: салыстыру, өлшеу, эксперимент, талдау, синтез, модельдеу, болжау және т.б.

3.8 Магистрлік диссертацияның (жобаның) тақырыбын бекіту үшін магистрант бітіруші кафедраға ұсынылатын тақырыптың атауы мен болжамды ғылыми жетекшінің кандидатурасы көрсетілген өтініш береді. Өтініш болжамды ғылыми жетекшімен және бітіруші кафедра меңгерушісімен келісіледі.

3.9 Магистрлік диссертацияның (жобаның) тақырыбы мен ғылыми жетекшісі магистрант оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде Ғылыми кеңестің шешімі негізінде Университет басшысының бұйрығымен бекітіледі. Магистранттың ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының нәтижелерін ескере отырып, Университет белгілеген тәртіппен бекітілген тақырыпқа түзету енгізуге жол беріледі.

3.10 Магистрлік диссертацияның (жобаның) негізгі нәтижелері кемінде бір жарияланымда және (немесе) ғылыми-практикалық конференциядағы бір баяндамада ұсынылады.

3.11 Магистрлік диссертация (магистрлік жоба) мәтіндік сәйкестіктердің бар-жоғына міндетті тексерілуге жатады. Мәтіндік сәйкестіктердің жол берілетін көрсеткіштері және қорғауға жіберу негіздері мәтіндік сәйкестіктердің бар-жоғын тексеруді реттейтін «Жазбаша жұмыстарда мәтіндік сәйкестіктердің бар-жоғын тексеру және оларды «МАРК-SQL» АИБЖ-да орналастыру қағидаларымен» айқындалады.

Тексеру нәтижелері магистрлік диссертацияны (магистрлік жобаны) қорғауға жіберу туралы шешім қабылдау кезінде ескеріледі.

4. МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.1 Магистрлік диссертацияның құрылымдық элементтері:

4.1.1 мұқаба (нөмірленбейді);

4.1.2 титулдық парақ;

4.1.3 мазмұны;

4.1.4 нормативтік сілтемелер;

4.1.5 анықтамалар, белгіленімдер мен қысқартулар;

4.1.6 кіріспе;

4.1.7 негізгі бөлім;

4.1.8 қорытынды;

4.1.9 пайдаланылған дереккөздер тізімі;

4.1.10 қосымшалар.

4.2 Титулдық парақ магистрлік диссертацияның бірінші парағы болып табылады және құжатты өңдеу мен іздеуге қажетті ақпарат көзі ретінде қызмет етеді. Титулдық парақ

	«Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
	САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ
	Іс-әрекет тәртібі туралы ереже

БЕКІТЕМІН
«Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
Ректоры
_____ Л.К. Байболова
«12» 10 2026 ж.

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ ЖОБА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.5-2026-48

КЕЛІСІЛДІ
«Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
АСж проректоры
_____ Э.Б. Аскарбеков
«12» 10 2026 ж.

Астана, 2026

Нұсқа: 2.0	**БД:**	**ЭҚА бойынша тіркеу № 01-4-4**

КІРІСПЕ

Осы Ережені «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ Білім беру бағдарламалары басқармасы және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі әзірледі.

Осы Ережені Ректор титулдық параққа өз қолын қою арқылы бекітеді.

Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ-ның Сапа менеджменті жүйесіне байланысты қызметті жүзеге асыратын барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті болып табылады.

Осы Ережеге мерзімді тексеруді Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы үш жылдан аспайтын мерзімділікпен жүргізеді.

Осы Ережеге өзгерістер «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметінде оны қолдану нәтижелері бойынша әзірленеді.

Құжаттаманы басқару процесінің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру үшін жауапкершілік Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысына жүктеледі.

2025 жылғы 18 маусымдағы ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.5/8.6-2026-49 «Магистрлік диссертация/жоба туралы ереже» күшін жойды деп танылсын.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе..... 2
1. Терминдер мен анықтамалар..... 4
2. Пайдаланылған қысқартулар мен белгілеулер..... 5
3. Жалпы ережелер және рәсімнің сипаттамасы..... 5
4. Магистрлік диссертацияның құрылымдық элементтеріне қойылатын талаптар..... 7
5. Магистрлік жобаның құрылымдық элементтеріне қойылатын талаптар..... 9
6. Магистрлік диссертацияны рәсімдеуге қойылатын талаптар..... 10
7. Магистрлік диссертацияны қорғауға ұсыну тәртібі..... 14
8. Магистрлік диссертацияны қорғау рәсімі..... 15
9. Үдеріспен байланысты тәуекелдер және олардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар..... 16
10. Магистрлік диссертацияны қорғау рәсімі..... 16
Қосымшалар..... 19
Мұқаба нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-01 (міндетті)..... 19
Титулдық парақ нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-02 (міндетті)..... 20
Магистрлік диссертацияны/жобаны ресімдеу нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-03 (міндетті)..... 21
Пайдаланылған дереккөздер тізімінің нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-04 (міндетті)..... 22
Суретті ресімдеу нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-05 (міндетті)..... 23
Кестені ресімдеу нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-06 (міндетті)..... 24
Магистрлік диссертацияны/жобаны өз бетінше орындау туралы өтініш нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-07 (міндетті)..... 25
Ғылыми еңбектер тізімінің нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-08 (міндетті)..... 26
Ғылыми жетекші пікірінің нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-09 (міндетті)..... 27
Магистрлік диссертацияға/жобаға берілетін рецензия нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-10 (міндетті)..... 28
Оқыту нәтижелерінің магистрлік диссертацияның/жобаның мазмұнына сәйкестік матрицасының нысаны Н.ББББ-8.5-2026-48-11 (міндетті)..... 28
Келісу парағы Н.СДД-7.5-2026-01-02 (міндетті)..... 29
Танысу парағы Н.СДД-7.5-2026-01-03 (міндетті)..... 29
Өзгерістерді тіркеу парағы Н.СДД-7.5-2026-01-04 (міндетті)..... 30
Мерзімді тексеру жазбалары парағы Н.СДД-7.5-2026-01-05 (міндетті)..... 30

1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Термин	Анықтама
Магистрантты академиялық аттестаттау	оқу жылы аяқталғаннан кейін магистранттың жеке жұмыс жоспарын орындауын бағалау.
ЖОО компоненті	жоғары оқу орнының өз бетінше айқындайтын, білім беру бағдарламасын игеру үшін қажетті оқу пәндерінің және оларға сәйкес академиялық кредиттердің ең төменгі көлемінің тізбесі
Магистранттың жеке жұмыс жоспары	білім беру бағдарламасы негізінде, ғылыми жетекшінің басшылығымен, магистранттың оқу мерзімінің толық кезеңіне арналған өз бетінше жасалатын жұмыс жоспары
Жеке оқу жоспары	білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен магистранттың әр оқу жылына арналған және магистранттың жеке жұмыс жоспарының бір бөлігі болып табылатын, өз бетінше қалыптастырылатын оқу жоспары
Құзыреттер	оқу процесінде алған білімді, білікті және дағдыларды кәсіби қызметте тәжірибелік тұрғыдан қолдана алу қабілеті
Таңдау компоненті	жоғары оқу орны ұсынатын, студенттер пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып кез келген академиялық кезеңде өз бетінше таңдайтын оқу пәндерінің және оларға сәйкес академиялық кредиттердің ең төменгі көлемінің тізбесі
Кредиттік оқыту технологиясы	академиялық кредиттер жинақтай отырып, білім алушының оқу пәндері мен (немесе) модульдерді оқу ретін таңдауы мен өз бетінше жоспарлауына негізделген оқыту
Магистр	магистратураның білім беру бағдарламаларын игерген тұлғаларға берілетін академиялық дәреже
Магистрант	магистратурада білім алып жатқан тұлға
Магистратура	кемінде 60–120 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін берумен кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі
Магистрлік диссертация	ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының, қазіргі заманғы ғылыми-техникалық жетістіктерге негізделген, таңдап алынған білім беру бағдарламасының өзекті мәселесі бойынша теориялық және/немесе практикалық әзірлемелерді қамтитын, дербес ғылыми зерттеу түрінде орындалған бітіру жұмысы
Магистрлік жоба	бейіндік магистратура магистрантының, таңдап алынған білім беру бағдарламасының өзекті мәселесін шешуге мүмкіндік беретін, теориялық және/немесе тәжірибелік нәтижелерді қамтитын дербес зерттеу түрінде орындалған бітіру жұмысы
Ғылыми-зерттеу жұмысы	бар білімді кеңейту, жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, ғылыми қорыту, жобаларды ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденістерді, зерттеулерді, эксперименттерді жүргізумен байланысты жұмыс. Ғылыми-зерттеу жұмысына ғылым мен практиканың заманауи жетістіктеріне негізделген магистрлік жұмыстың негізгі бөлімдері мен тарауларын орындау кіреді

Білім беру бағдарламасы	білімнің негізгі сипаттамаларын қамтитын, оқытудың мақсаты, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оны іске асыру әдістері мен тәсілдерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын біріктіретін біртұтас кешен
Постреквизиттер (Postrequisite)	осы пәнді және (немесе) модульді оқу аяқталғаннан кейін алынатын білім, білік, дағдылар мен құзыреттер талап етілетін пәндер мен (немесе) модульдер және басқа оқу жұмыстарының түрлері
Пререквизиттер (Prerequisite)	оқылатын пәнді және (немесе) модульді меңгеру үшін қажетті білім, білік, дағдылар мен құзыреттерді қамтитын пәндер мен (немесе) модульдер және басқа оқу жұмыстарының түрлері
Элективті пәндер	жоғары оқу орны енгізетін, студенттің жеке даярлығын көрсететін, әлеуметтік-экономикалық дамудың және белгілі бір өңірдің қажеттіліктерін, қалыптасқан ғылыми мектептерді ескеретін, белгіленген академиялық кредиттер шеңберіндегі вуздық компонент пен таңдау компонентіне кіретін оқу пәндері
Эксперименттік-зерттеу жұмысы	ғылыми тағылымдамадан өтуді және магистрлік жобаны орындауды қамтитын бейіндік бағыттағы магистранттың зерттеу жұмысы

2. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

Қысқарту	Мағынасы
АК	Аттестациялық комиссия
ЖООК	Жоғары оқу орнының компоненті
ЖОО	Жоғары оқу орны
МЖМБС	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
МЖЖЖ	Магистранттың жеке жұмыс жоспары
ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
ЭПК	Элективті пәндер каталогы
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
МҒЗЖ	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы
ҒТК	Ғылыми-техникалық кеңес
ЖОКББ	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі
БББ	Білім беру бағдарламасы
ПОҚ	Профессор-оқытушы құрамы
СДД	Стратегиялық даму департаменті
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
МӨЖ	Магистранттың өздік жұмысы
ҒК	Ғылыми кеңес
Университет	«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
ОӘК	Оқу-әдістемелік кеңес
МЭЗЖ	Магистранттың эксперименталды-зерттеу жұмысы

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ РӘСІМНІҢ СИПАТТАМАСЫ

3.1 Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ (бұдан әрі – Университет) магистратурасының білім беру бағдарламалары бойынша магистрлік диссертациялардың (жобалардың) құрылымы мен ресімделуіне, сондай-ақ оларды ұсыну және қорғау тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейді.

3.2 Осы Ереже магистрлік диссертациялар мен магистрлік жобаларды дайындауға, ресімдеуге, ұсынуға және қорғауға байланысты өкілеттіктері шегінде Университеттің Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі, академиялық комитеттері, бітіруші кафедралары, аттестаттау комиссиялары, ғылыми жетекшілері мен магистранттары қолдануға арналған.

3.3 Магистрлік диссертацияны ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистрант орындайды және ол тиісті білім беру бағдарламасы бойынша өзекті мәселенің дербес аяқталған ғылыми зерттеуі болып табылады. Жұмыста ғылым мен техниканың заманауи әдістері мен жетістіктерін қолдану арқылы алынған негізделген теориялық және (немесе) практикалық нәтижелер қамтылуға тиіс.

Магистрлік жобаны бейіндік бағыттағы магистрант орындайды және ол тиісті білім беру бағдарламасының өзекті мәселесіне байланысты қолданбалы міндетті шешуге бағытталған теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын дербес бітіру жұмысы болып табылады.

3.4 Магистрлік диссертация (жоба) білім алушының білім беру бағдарламасының барлық оқыту нәтижелеріне толық көлемде қол жеткізуін кешенді бағалауды және растауды қамтамасыз етуге тиіс; білім беру бағдарламасының барлық оқыту нәтижелері магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұнында көрініс табуға тиіс.

Әрбір білім беру бағдарламасы бойынша бітіруші кафедра осы Ережеге Ф.БББ-8.5-2026-48-11 қосымшасының нысанына сәйкес білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері мен магистрлік диссертация (жоба) мазмұнының сәйкестік матрицасын әзірлейді. Матрицада білім беру бағдарламасының барлық оқыту нәтижелері көрсетіледі және олардың қол жеткізілуі бағаланатын магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұндық элементтері белгіленеді. Толтырылған матрица тиісті білім беру бағдарламасы бойынша магистрлік диссертацияны (жобаны) орындауға арналған әдістемелік нұсқауларға енгізіледі.

3.5 Магистрлік диссертацияны (жобаны) магистрант ғылыми жетекшінің жетекшілігімен өз бетінше орындайды.

Магистрлік диссертацияға (жобаға) ғылыми жетекшілікті кадрларды даярлау бағытының бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі бар, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 (үш) жылды құрайтын, соңғы 5 (бес) жыл ішінде Басылымдар тізбесінің бірінші және (немесе) екінші және (немесе) үшінші деңгейіндегі ғылыми басылымдарда кемінде 5 (бес) ғылыми мақаланың және соңғы 5 (бес) жыл ішінде JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базасындағы Science Citation Index Expanded (Сайнс Цитэйшн Индекс Экспандед), Social Science Citation Index (Сошиал Сайнс Цитэйшн Индекс) немесе Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюмэнитис Цитэйшн Индекс) базаларының бірінде индекстелетін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 (бір) ғылыми мақаланың авторы болып табылатын не Scopus (Скопус) дерекқорында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын оқытушы жүзеге асырады.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» кадрларды даярлау бағыты бойынша білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысына (жобаларына) жетекшілікті тиісті бейіндегі, соңғы 5 (бес) жыл ішінде Басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда кемінде 5 (бес) ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушылар және (немесе) соңғы 10 (он) жыл ішінде кемінде 5 (бес) жыл практикалық жұмыс өтілі бар мамандар жүзеге асырады.

3.6 Магистрлік диссертацияның (жобаның) ғылыми жетекшісі:

3.6.1 магистрлік диссертацияны (жобаны) орындауға тапсырма береді;

3.6.2 магистрантқа бүкіл оқу кезеңіне арналған жеке жұмыс жоспарын әзірлеуге көмек көрсетеді;

3.6.3 магистрантқа қажетті негізгі әдебиеттерді, анықтамалық және мұрағаттық материалдарды, үлгілік жобаларды және басқа да дереккөздерді ұсынады;

3.6.4 ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысы шеңберінде магистрантқа таңдалған тақырыпты зерттеу және магистрлік диссертацияны (жобаны)

дайындау мәселелері бойынша консультация береді, сондай-ақ магистранттың жеке жұмыс жоспарының орындалуын бақылайды;

3.6.5 магистрлік диссертацияның (жобаның) барлық бөлімдерінің көлемін белгілейді және магистранттың жұмысын үйлестіреді.

3.7 Магистрлік диссертация ғылым мен практиканың заманауи теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктеріне негізделуге, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану арқылы орындалуға, қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерін қамтуға, тиісті білім саласындағы озық халықаралық тәжірибеге негізделуге және нақты практикалық ұсынымдарды қамтуға тиіс.

Магистрлік жоба білім беру бағдарламасының негізгі проблематикасына сәйкес келуге, ғылымның, техника мен өндірістің заманауи жетістіктеріне негізделуге, нақты практикалық ұсынымдарды, басқарушылық міндеттердің дербес шешімдерін, қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерін қамтуға, сондай-ақ озық цифрлық технологияларды қолдану арқылы орындалуға тиіс.

Магистрлік жобаға тән негізгі зерттеу әдістері: салыстыру, өлшеу, эксперимент, талдау, синтез, модельдеу, болжау және т.б.

3.8 Магистрлік диссертацияның (жобаның) тақырыбын бекіту үшін магистрант бітіруші кафедраға ұсынылатын тақырыптың атауы мен болжамды ғылыми жетекшінің кандидатурасы көрсетілген өтініш береді. Өтініш болжамды ғылыми жетекшімен және бітіруші кафедра меңгерушісімен келісіледі.

3.9 Магистрлік диссертацияның (жобаның) тақырыбы мен ғылыми жетекшісі магистрант оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде Ғылыми кеңестің шешімі негізінде Университет басшысының бұйрығымен бекітіледі. Магистранттың ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының нәтижелерін ескере отырып, Университет белгілеген тәртіппен бекітілген тақырыпқа түзету енгізуге жол беріледі.

3.10 Магистрлік диссертацияның (жобаның) негізгі нәтижелері кемінде бір жарияланымда және (немесе) ғылыми-практикалық конференциядағы бір баяндамада ұсынылады.

3.11 Магистрлік диссертация (магистрлік жоба) мәтіндік сәйкестіктердің бар-жоғына міндетті тексерілуге жатады. Мәтіндік сәйкестіктердің жол берілетін көрсеткіштері және қорғауға жіберу негіздері мәтіндік сәйкестіктердің бар-жоғын тексеруді реттейтін «Жазбаша жұмыстарда мәтіндік сәйкестіктердің бар-жоғын тексеру және оларды «МАРК-SQL» АИБЖ-да орналастыру қағидаларымен» айқындалады.

Тексеру нәтижелері магистрлік диссертацияны (магистрлік жобаны) қорғауға жіберу туралы шешім қабылдау кезінде ескеріледі.

4. МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.1 Магистрлік диссертацияның құрылымдық элементтері:

4.1.1 мұқаба (нөмірленбейді);

4.1.2 титулдық парақ;

4.1.3 мазмұны;

4.1.4 нормативтік сілтемелер;

4.1.5 анықтамалар, белгіленімдер мен қысқартулар;

4.1.6 кіріспе;

4.1.7 негізгі бөлім;

4.1.8 қорытынды;

4.1.9 пайдаланылған дереккөздер тізімі;

4.1.10 қосымшалар.

4.2 Титулдық парақ магистрлік диссертацияның бірінші парағы болып табылады және құжатты өңдеу мен іздеуге қажетті ақпарат көзі ретінде қызмет етеді. Титулдық парақ

диссертация парақтарының жалпы нөмірленуіне енгізіледі. Титулдық парақта парақ нөмірі көрсетілмейді.

4.3 Магистрлік диссертацияның мазмұнында кіріспе, барлық бөлімдердің, бөлімшелердің, тармақтардың (олардың атаулары болған жағдайда) реттік нөмірлері мен атаулары, қорытынды, пайдаланылған дереккөздер тізімі және диссертацияның тиісті элементтері басталатын парақтардың нөмірлері көрсетілген қосымшалар қамтылады.

4.4 Магистрлік диссертацияның мазмұны жаңа факторлардың, құбылыстардың, заңдылықтардың сипаттамасын немесе бұрыннан белгілі тұжырымдарды өзге ғылыми тұрғыдан не жаңа қырынан қорытуды қамтитын түбегейлі жаңа материалдан тұрады. Магистрлік диссертацияның мазмұны ғылыми зерттеудің бастапқы алғышарттарын, жүргізілу барысын және алынған нәтижелерді көрсетеді.

4.5 «Нормативтік сілтемелер» құрылымдық элементінде диссертация мәтінінде сілтемелер берілген стандарттардың тізбесі қамтылады. Сілтеме жасалған стандарттардың тізбесі: «Осы магистрлік диссертацияда мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды...» деген сөздерден басталады. Тізбеге стандарттардың белгіленімдері мен атаулары белгіленімдердің тіркеу нөмірлерінің өсу ретімен енгізіледі.

4.6 «Анықтамалар» құрылымдық элементінде магистрлік диссертацияда қолданылатын терминдерді нақтылауға немесе белгілеуге қажетті анықтамалар қамтылады. Анықтамалар тізбесі: «Осы магистрлік диссертацияда тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады» деген сөздерден басталады.

4.7 «Белгіленімдер мен қысқартулар» құрылымдық элементінде магистрлік диссертацияда пайдаланылатын белгіленімдер мен қысқартулардың тізбесі қамтылады. Белгіленімдер мен қысқартулар қажетті толық жазылуымен және түсіндірмелерімен диссертация мәтінінде келтірілу ретіне сәйкес жазылады. Анықтамаларды, белгіленімдер мен қысқартуларды «Анықтамалар, белгіленімдер мен қысқартулар» деген бір құрылымдық элементте беруге жол беріледі.

4.8 Кіріспеде тақырыптың өзектілігі мен зерттеудің ғылыми жаңалығы негізделеді, зерттеудің мақсаты, міндеттері, объектісі мен пәні айқындалады, зерттеу әдістері, жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы, сондай-ақ қорғауға ұсынылатын тұжырымдар көрсетіледі.

4.9 Диссертацияның негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың мәнін, әдістемесін және негізгі нәтижелерін көрсететін деректер келтіріледі.

4.10 Негізгі бөлім мыналарды қамтуға тиіс:

4.10.1 зерттеу бағытын таңдау және оны негіздеу, міндеттерді шешу әдістері мен олардың салыстырмалы бағасы, жұмысты жүргізудің таңдалған жалпы әдістемесінің сипаттамасы;4.10.2 теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеулердің жүргізілу барысы, оның ішінде теориялық зерттеулердің сипаты мен мазмұнын айқындау, зерттеу және есептеу әдістері, эксперименттік жұмыстарды жүргізу қажеттілігін негіздеу, әзірленген объектілердің жұмыс істеу қағидаттары мен олардың сипаттамалары;

4.10.3 зерттеу нәтижелерін қорыту және бағалау, жұмыстың одан әрі бағыттары жөніндегі ұсыныстар, алынған нәтижелердің дұрыстығын бағалау және оларды отандық және шетелдік жұмыстардың нәтижелерімен салыстыру;

4.10.4 әрбір тарау (бөлім) бойынша қысқаша қорытындылар.

4.11 Қорытындыда мыналар қамтылуға тиіс:

4.11.1 диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылар;

4.11.2 қойылған міндеттердің шешілу толықтығын бағалау;

4.11.3 нәтижелерді нақты пайдалану жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу;

4.11.4 алынған нәтижелердің тиімділігі мен практикалық маңыздылығын, ал қажет болған жағдайда орындалған жұмыстың техникалық-экономикалық деңгейін бағалау.

4.12 Пайдаланылған дереккөздер тізімінде магистрлік диссертацияны дайындау кезінде пайдаланылған және жұмыс мәтінінде көрсетілген барлық дереккөздер туралы мәліметтер қамтылуға тиіс. Пайдаланылған дереккөздердің ұсынылатын саны – кемінде 30 атау.

4.13 Қосымшаларға магистрлік диссертацияны орындауға байланысты қосалқы сипаттағы, көлемі едәуір немесе жұмыстың негізгі бөлігін қабылдауды қиындататын материалдарды енгізу ұсынылады.

5. МАГИСТРЛІК ЖОБАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Магистрлік жобаның құрылымдық элементтері:

5.1.1 мұқаба (нөмірленбейді);

5.1.2 титулдық парақ;

5.1.3 мазмұны;

5.1.4 нормативтік сілтемелер;

5.1.5 анықтамалар, белгіленімдер мен қысқартулар;

5.1.6 кіріспе;

5.1.7 негізгі бөлім;

5.1.8 қорытынды;

5.1.9 пайдаланылған дереккөздер тізімі;

5.1.10 қосымшалар.

5.2 Магистрлік жобаның мұқабасы Қосымшаларда келтірілген үлгіге (Мұқаба нысаны) сәйкес ресімделеді және парақтардың жалпы нөмірленуіне енгізілмейді. Титулдық парақ құжатты өңдеу мен іздеуге қажетті ақпарат көзі ретінде қызмет етеді. Титулдық парақ Қосымшаларда келтірілген үлгіге (Титулдық парақ нысаны) сәйкес ресімделеді және жұмыс парақтарының жалпы нөмірленуіне енгізіледі, алайда онда парақ нөмірі көрсетілмейді.

5.3 Магистрлік жобаның мазмұнында кіріспе, барлық бөлімдердің, бөлімшелердің, тармақтардың (олардың атаулары болған жағдайда) реттік нөмірлері мен атаулары, қорытынды, пайдаланылған дереккөздер тізімі және жұмыстың тиісті элементтері басталатын парақтардың нөмірлері көрсетілген қосымшалар қамтылады. Магистрлік диссертацияны (жобаны) ресімдеу үлгісі Қосымшаларда (Магистрлік диссертацияны/жобаны ресімдеу нысаны) келтірілген.

5.4 Магистрлік жобаның мазмұны мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс:

5.4.1 зерттеу тақырыбының өзектілігі;

5.4.2 қорғауға ұсынылатын тұжырымдардың эксперименттік-зерттеу негізінің болуы;

5.4.3 қолданбалы міндетті шешуге мүмкіндік беретін нақты практикалық ұсынымдар мен әзірлемелердің болуы.

5.5 «Нормативтік сілтемелер» құрылымдық элементінде жұмыс мәтінінде сілтемелер берілген стандарттардың тізбесі қамтылады. Сілтеме жасалған стандарттардың тізбесі: «Осы магистрлік жобада мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды...» деген сөздерден басталады. Тізбеге стандарттардың белгіленімдері мен атаулары белгіленімдердің тіркеу нөмірлерінің өсу ретімен енгізіледі.

5.6 «Анықтамалар» құрылымдық элементінде магистрлік жобада қолданылатын терминдерді нақтылауға немесе белгілеуге қажетті анықтамалар қамтылады. Анықтамалар тізбесі: «Осы магистрлік жобада тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады» деген сөздерден басталады.

5.7 «Белгіленімдер мен қысқартулар» құрылымдық элементінде магистрлік жобада пайдаланылатын белгіленімдер мен қысқартулардың тізбесі қамтылады. Белгіленімдер мен қысқартулар қажетті толық жазылуымен және түсіндірмелерімен жұмыс мәтінінде келтірілу ретіне сәйкес жазылады. Анықтамаларды, белгіленімдер мен қысқартуларды «Анықтамалар, белгіленімдер мен қысқартулар» деген бір құрылымдық элементте беруге жол беріледі.

5.8 Кіріспеде зерттеудің өзектілігі мен қолданбалы сипаты негізделеді, зерттеудің мақсаты, міндеттері, объектісі мен пәні айқындалады, зерттеу әдістері және қорғауға ұсынылатын тұжырымдар көрсетіледі.

5.9 Жобаның негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың мәнін, әдістемесін және негізгі нәтижелерін көрсететін деректер келтіріледі.

5.10 Негізгі бөлім мыналарды қамтуға тиіс:

5.10.1 зерттеу бағытын таңдау және оны негіздеу, қойылған міндеттерді шешу әдістері мен олардың салыстырмалы бағасы, жұмысты жүргізудің таңдалған жалпы әдістемесінің сипаттамасы;

5.10.2 теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеулердің жүргізілу барысы, оның ішінде теориялық және практикалық зерттеулердің сипаты мен мазмұнын айқындау, зерттеу әдістері, есептеу және талдау әдістері, эксперименттік жұмыстарды жүргізу қажеттілігін негіздеу, әзірленген объектілердің жұмыс істеу қағидаттары мен олардың сипаттамалары;

5.10.3 зерттеу нәтижелерін қорыту және бағалау, жұмыстың одан әрі бағыттары жөніндегі ұсыныстар, алынған нәтижелердің дұрыстығын бағалау және оларды отандық және шетелдік жұмыстардың нәтижелерімен салыстыру.

5.11 Қорытындыда мыналар қамтылуға тиіс:

5.11.1 орындалған жобаның нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылар;

5.11.2 қойылған міндеттердің шешілу толықтығын бағалау;

5.11.3 алынған нәтижелерді нақты қолданбалы міндетті шешу үшін пайдалану мүмкіндігі.

5.12 Қосымшаларға магистрлік жобаны орындауға байланысты қосалқы сипаттағы, көлемі едәуір немесе жұмыстың негізгі бөлігін қабылдауды қиындататын материалдарды енгізу ұсынылады.

5.13 Пайдаланылған дереккөздер тізімінде магистрлік жобаның мәтінінде сілтемелер берілген барлық дереккөздер туралы мәліметтер қамтылуға тиіс. Дереккөздердің ұсынылатын саны – кемінде 30 атау.

6. МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1 Ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар:

6.1.1 Магистрлік диссертацияның (жобаның) мәтіні А4 форматындағы ақ қағаз парағының бір жағына басып шығарылады. Қаріп – Times New Roman, өлшемі – 14 пт, жоларалық интервал – бір. Құрылымдық элементтің тақырыбы мен одан кейінгі мәтін арасындағы арақашықтық екі жоларалық интервалды құрайды. Жиек өлшемдері: сол жақ – 30 мм, жоғарғы – 20 мм, оң жақ – 10 мм, төменгі – 20 мм. Абзацтық шегініс – 1,25 см.

Көрнекі материалдардың (суреттердің, графиктер мен кестелердің) жалпы көлемі жұмыстың жалпы көлемінің 30 %-ынан аспауға тиіс.

6.2 Құрылымдық элементтерді ресімдеу

6.2.1 Магистрлік диссертацияның (жобаның) әрбір құрылымдық элементі жаңа парақтан басталуға тиіс.

6.2.2 Бөлімдердің тақырыптары жолдың ортасына орналастырылады, бас әріптен бастап, жартылай қалың қаріппен, соңына нүкте қойылмай басылады. Бөлімшелердің тақырыптары абзацтық шегіністен, бас әріптен бастап, соңына нүкте қойылмай басылады.

6.2.3 Бөлімдер мен бөлімшелердің тақырыптарында сөздерді тасымалдауға жол берілмейді. Егер тақырып екі сөйлемнен тұрса, олар нүктемен бөлінеді.

6.2.4 Бөлімдер мен бөлімшелер бір немесе бірнеше тармақтан тұруы мүмкін. Әрбір тармақ пен тармақша абзацтық шегіністен басталады.

6.2.5 Әрбір тармақ пен тармақша аяқталған ақпаратты қамтуға тиіс.

6.2.6 Бөлімдер мен бөлімшелердің тақырыптары болуы тиіс. Тармақтар мен тармақшалардың, әдетте, тақырыптары болмайды. Тақырыптар тиісті бөлімдер мен бөлімшелердің мазмұнын нақты әрі қысқаша көрсетуге тиіс.

6.3 Парақтар мен құрылымдық элементтерді нөмірлеу

6.3.1 Магистрлік диссертацияның (жобаның) парақтары қосымшаларды қоса алғанда, бүкіл мәтін бойынша өтпелі нөмірлеу сақтала отырып, араб цифрларымен нөмірленеді. Парақ нөмірі парақтың төменгі бөлігінің ортасына нүктесіз қойылады.

6.3.2 Титулдық парақ парақтардың жалпы нөмірленуіне енгізіледі, алайда онда парақ нөмірі көрсетілмейді.

6.3.3 Жеке парақтарға орналастырылған иллюстрациялар мен кестелер парақтардың жалпы нөмірленуіне енгізіледі. А3 форматындағы парақ бір парақ ретінде есептеледі.

6.3.4 Бөлімдер бүкіл жұмыс шегінде араб цифрларымен нөмірленеді. Бөлім нөмірінен кейін нүкте қойылмайды. Бөлімшелер әрбір бөлім шегінде нөмірленеді. Бөлімше нөмірі нүктемен бөлінген бөлім нөмірі мен бөлімшенің реттік нөмірінен тұрады, мысалы: 1.1, 1.2, 2.1.

6.3.5 Тармақтар мен тармақшалардың ішінде тізбелер келтірілуі мүмкін. Тізбенің әрбір позициясының алдына сызықша қойылады. Егер мәтінде тізбенің бір позициясына сілтеме жасау қажет болса, сызықшаның орнына орыс әліпбиінің кіші әрпі қолданылып, одан кейін жабылатын дөңгелек жақша қойылады.

6.3.6 Тізбені одан әрі нақтылау үшін араб цифрлары қолданылады және олардан кейін жабылатын дөңгелек жақша қойылады. Жазба абзацтық шегіністен басталады.

Мысал:

а) бірінші позиция:

бірінші тармақша;

екінші тармақша;

б) екінші позиция.

6.3.7 Егер магистрлік диссертацияда (жобада) бөлімшелер болмаса, тармақтар әрбір бөлім шегінде нөмірленеді. Тармақ нөмірі нүктемен бөлінген бөлім нөмірі мен тармақтың реттік нөмірінен тұрады, мысалы: 1.1, 1.2, 1.3. Тармақ нөмірінен кейін нүкте қойылмайды.

6.3.8 Егер бөлімде бөлімшелер болса, тармақтар тиісті бөлімше шегінде нөмірленеді. Тармақ нөмірі нүктелермен бөлінген бөлім, бөлімше және тармақ нөмірлерінен тұрады, мысалы: 3.1.1, 3.1.2.

6.3.9 Қажет болған жағдайда тармақтар тармақшаларға бөлінуі мүмкін. Тармақшалар әрбір тармақ шегінде нөмірленеді, мысалы: 4.2.1.1, 4.2.1.2.

6.3.10 Егер бөлім немесе бөлімше бір тармақтан тұрса, тармақ нөмірленбейді.

6.3.11 Егер мәтін тек тармақтарға бөлінсе, олар бүкіл магистрлік диссертация (жоба) шегінде реттік нөмірлермен нөмірленеді.

6.3.12 Тізбенің қарапайым элементтері үтірмен, күрделі элементтері нүктелі үтірмен бөлінеді. Тізбелер абзацтық шегіністен бастап түрінде ресімделеді.

6.4 Иллюстрациялар және демонстрациялық материалдар

6.4.1 Иллюстрациялар (сызбалар, карталар, графиктер, схемалар, диаграммалар және фотосуреттер) олар алғаш рет аталған мәтіннен кейін тікелей немесе келесі парақта орналастырылады. Мәтінде әрбір иллюстрацияға сілтеме берілуге тиіс.

6.4.2 Иллюстрациялар компьютерлік басып шығару құралдарын пайдалану арқылы, оның ішінде түрлі түсті етіп орындалуы мүмкін. А4 форматынан кіші фотосуреттер А4 форматындағы стандартты ақ қағаз парақтарына орналастырылады.

6.4.3 Қосымшаларда келтірілген иллюстрацияларды қоспағанда, иллюстрациялар араб цифрларымен өтпелі түрде нөмірленеді. Егер бұл білім беру бағдарламасының талаптарында көзделсе, иллюстрацияларды әрбір бөлім шегінде нөмірлеуге жол беріледі. Бұл жағдайда иллюстрация нөмірі нүктемен бөлінген бөлім нөмірі мен иллюстрацияның реттік нөмірінен тұрады, мысалы: «1.1-сурет».

6.4.4 Егер жұмыста бір иллюстрация келтірілсе, өтпелі нөмірлеу кезінде ол «1-сурет», ал бөлім шегінде нөмірлеу кезінде тиісті бөлімнің нөмірі мен иллюстрацияның реттік нөмірі арқылы белгіленеді, мысалы: «2.1-сурет».

6.4.5 Иллюстрацияның атауы және түсіндірме деректері (сурет астындағы мәтін) болуы мүмкін. «Сурет» сөзі, оның нөмірі мен атауы түсіндірме деректерден кейін иллюстрацияның астындағы жолдың ортасына орналастырылады, мысалы: «1-сурет – Аспаптың бөлшектері».

6.4.6 Әрбір қосымшаның иллюстрациялары нөмірдің алдына қосымшаның белгіленімін қосу арқылы араб цифрларымен жеке нөмірленеді, мысалы: «А.3-сурет».

6.4.7 Иллюстрацияға сілтеме жасаған кезде оның нөмірі көрсетіледі, мысалы: «2-суретке сәйкес» немесе «1.2-суретке сәйкес».

6.4.8 Иллюстрация мен оның жоғарғы және төменгі жағында орналасқан мәтін арасындағы арақашықтық бір бос жолды құрауға тиіс.

6.4.9 Қажет болған жағдайда қорғау үшін А1 форматындағы парақтарда демонстрациялық материал дайындалады. Демонстрациялық парақтардың орнына аттестаттау комиссиясының әрбір мүшесіне ұсынылатын А4 форматындағы парақтарда орындалған үлестірме материалдарды пайдалануға жол беріледі.

6.4.10 Демонстрациялық парақтарда «Кесте», «Сурет» және «Қосымша» сөздері көрсетілмейді. Тақырып парақтың жоғарғы бөлігіне орналастырылады. Демонстрациялық парақтардың тақырыптарында сөздерді тасымалдауға жол берілмейді.

6.4.11 Сызбалар, графиктер, диаграммалар мен схемалар Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесінің (ККБЖ) қолданылатын стандарттарының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

6.4.12 Суретті ресімдеу үлгісі Қосымшаларда (Сурет нысаны) келтірілген.

6.5 Кестелер

6.5.1 Цифрлық материал, әдетте, кесте түрінде ресімделеді. Кестелер көрсеткіштерді көрнекі түрде ұсыну және салыстыру қолайлылығын қамтамасыз ету үшін қолданылады.

6.5.2 Кестенің атауы оның мазмұнын дәл әрі қысқаша көрсетуге тиіс. Атауы кестенің үстіңгі жағына, сол жаққа, абзацтық шегініссіз, нөмірімен бір жолда сызықша арқылы орналастырылады, мысалы: «1-кесте – Кестенің атауы».

6.5.3 Кесте ол алғаш рет аталған мәтіннен кейін тікелей немесе келесі парақта орналастырылады. Мәтінде әрбір кестеге сілтеме берілуге тиіс. Сілтеме жасаған кезде «кесте» сөзі және оның нөмірі көрсетіледі.

6.5.4 Қосымшаларда келтірілген кестелерді қоспағанда, кестелер араб цифрларымен өтпелі түрде нөмірленеді. Егер жұмыста бір кесте келтірілсе, ол «1-кесте» деп белгіленеді.

6.5.5 Әрбір қосымшаның кестелері нөмірдің алдына қосымшаның белгіленімін қосу арқылы араб цифрларымен жеке нөмірленеді, мысалы: «Ж.1-кесте».

6.5.6 Жолдар саны көп кестені келесі параққа көшіруге жол беріледі. Кестенің бір бөлігін көшірген кезде оның атауы тек бірінші бөліктің үстіне орналастырылады. Кейінгі бөліктердің үстіне «1-кестенің жалғасы» деген сөздер жазылады. Кестенің бірінші бөлігін шектейтін төменгі көлденең сызық жүргізілмейді.

6.5.7 Кесте мен оның жоғарғы және төменгі жағында орналасқан мәтін арасындағы арақашықтық екі бос жолды құрауға тиіс.

6.5.8 Кестені ресімдеу үлгісі Қосымшаларда (Кесте нысаны) келтірілген.

6.5.9 Бағандар саны көп кестені бөліктерге бөліп, бір парақ шегінде бір бөлігін екіншісінің астына орналастыруға жол беріледі. Кестені келесі параққа көшірген кезде кестенің тақырыптық бөлігі, ал кестені ені бойынша бөлген кезде бүйірлік бағаны қайталанады.

6.5.10 Бағанның әртүрлі жолдарында қайталанатын бір сөзден тұратын мәтінді бірінші рет көрсеткеннен кейін тырнақшалармен ауыстыруға жол беріледі. Егер мәтін екі немесе одан да көп сөзден тұрса, бірінші рет қайталанған кезде «Дәл солай» деп жазылып, одан әрі тырнақшалар қойылады. Қайталанатын цифрлардың, маркалардың, белгілердің, математикалық және химиялық таңбалардың орнына тырнақшалар қолданылмайды. Жолда деректер болмаған жағдайда сызықша қойылады.

6.5.11 Кестелерді бөлім шегінде нөмірлеуге жол беріледі. Бұл жағдайда кесте нөмірі нүктемен бөлінген бөлім нөмірі мен кестенің реттік нөмірінен тұрады, мысалы: «2.3-кесте».

6.5.12 Кесте бағандары мен жолдарының тақырыптары бас әріптен бастап, ал бағандардың тақырыпшалары тақырыппен бір сөйлем құраса, кіші әріптен, дербес мағынаға ие болса, бас әріптен бастап басылады. Тақырыптар мен тақырыпшалардың соңына нүкте қойылмайды. Тақырыптар жекеше түрде көрсетіледі.

6.5.13 Кестеде негізгі мәтінге қарағанда кіші өлшемді қаріпті пайдалануға жол беріледі.

6.5.14 Бағандардың тақырыптары мен тақырыпшаларын диагональ сызықтармен бөлуге жол берілмейді. Егер көлденең және тік сызықтардың болмауы кестені қабылдауды қиындатпаса, оларды жүргізбеуге жол беріледі.

6.5.15 Бағандардың тақырыптары, әдетте, кесте жолдарына параллель орналастырылады. Қажет болған жағдайда оларды перпендикуляр орналастыруға жол беріледі. Кестенің тақырыптық бөлігі кестенің қалған бөлігінен сызықпен бөлінеді.

6.6 Ескертпелер

6.6.1 Мәтінге, кестелерге немесе графикалық материалға түсіндірмелер не анықтамалық мәліметтер беру қажет болған жағдайда ескертпелер келтіріледі. Ескертпелерде талаптар болмауға тиіс.

6.6.2 Ескертпе өзі қатысты мәтіндік немесе графикалық материалдан кейін тікелей не кестенің соңында орналастырылады.

6.6.3 «Ескертпе» сөзі бас әріптен бастап, абзацтық шегіністен басылады және асты сызылмайды. Егер бір ескертпе болса, «Ескертпе» сөзінен кейін сызықша қойылады. Бір ескертпе нөмірленбейді, мысалы:

Ескертпе – Жоласты жазбалар басылмайды.

6.6.4 Бірнеше ескертпе араб цифрларымен нөмірленеді, нөмірден кейін нүкте қойылмайды.

6.7 Формулалар мен теңдеулер

6.7.1 Формулалар мен теңдеулер мәтіннен жеке жолға бөлініп көрсетіледі. Әрбір формуланың немесе теңдеудің үстіңгі және төменгі жағынан кемінде бір бос жол қалдырылады.

6.7.2 Егер формула немесе теңдеу бір жолға сыймаса, ол теңдік белгісінен (=) немесе қосу (+), азайту (−), көбейту (×), бөлу (:) белгілерінен не басқа математикалық белгілерден кейін тасымалданады. Тиісті белгі келесі жолдың басында қайталанады.

6.7.3 Таңбалар мен сандық коэффициенттер мәндерінің түсіндірмелері формуланың астында, олардың формулада берілу ретімен тікелей келтіріледі.

6.7.4 Формулалар бүкіл жұмыс шегінде араб цифрларымен өтпелі түрде нөмірленеді. Формула нөмірі дөңгелек жақшаға алынып, жолдың оң жақ шетіне орналастырылады.

Мысал:

$$A=a:b; \quad (1)$$

$$B=c: e. \quad (2)$$

6.7.5 Қосымшаларда келтірілген формулалар нөмірдің алдына қосымшаның белгіленімін қосу арқылы әрбір қосымша шегінде жеке нөмірленеді, мысалы: (В.1) формуласы.

6.7.6 Мәтінде формулалардың реттік нөмірлеріне сілтемелер дөңгелек жақшада келтіріледі, мысалы: «(1) формулада».

6.7.7 Математикалық теңдеулерді ресімдеу тәртібі формулаларды ресімдеу тәртібіне сәйкес келеді.

6.7.8 Формулаларды бөлім шегінде нөмірлеуге жол беріледі. Бұл жағдайда формула нөмірі нүктемен бөлінген бөлім нөмірі мен формуланың реттік нөмірінен тұрады, мысалы: (3.1).

6.7.9 Формулалар кіріктірілген формула редакторының көмегімен теріледі.

6.8 Сілтемелер және пайдаланылған дереккөздер тізімі

6.8.1 Магистрлік диссертацияда (жобада) стандарттарға, техникалық шарттарға және басқа да құжаттарға, егер олар тиісті талаптарды толық әрі бірмәнді айқындаса және құжатты пайдалану кезінде қиындықтар туғызбаса, сілтеме жасауға жол беріледі.

6.8.2 Құжатқа тұтастай не оның бөлімдері мен қосымшаларына сілтеме жасау қажет. Стандарттар мен техникалық шарттарға сілтеме жасаған кезде олардың белгіленімі

көрсетіледі. Пайдаланылған дереккөздер тізімінде құжаттың толық библиографиялық сипаттамасы болған жағдайда оның бекітілген жылын көрсетпеуге жол беріледі.

6.8.3 Пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер шаршы жақшада келтіріледі. Дереккөздер мәтінде алғаш рет аталу ретімен нөмірленеді. Дереккөзге қайталап сілтеме жасаған кезде оның реттік нөмірінен кейін үтір арқылы тиісті парақтың нөмірі көрсетіледі, мысалы: [5, 27-б.].

6.8.4 Пайдаланылған дереккөздер тізімінде дереккөздер туралы библиографиялық мәліметтер мәтінде оларға сілтемелердің берілу ретімен келтіріледі. Дереккөздер нөмірден кейін нүкте қойылмай, араб цифрларымен нөмірленеді. Әрбір жазба абзацтық шегіністен басталады.

6.8.5 Пайдаланылған дереккөздер тізімі ГОСТ 7.0.100–2018 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және құрастыру қағидалары» стандартына сәйкес ресімделеді.

6.8.6 Пайдаланылған дереккөздер тізімін ресімдеу үлгісі Қосымшаларда (Пайдаланылған дереккөздер тізімінің нысаны) келтірілген.

6.9 Қосымшалар

6.9.1 Қосымшалар магистрлік диссертацияның (жобаның) жалғасы ретінде келесі парақтарда не жеке құжат түрінде ресімделеді.

6.9.2 Мәтінде барлық қосымшаларға сілтемелер берілуге тиіс. Қосымшалар мәтінде оларға сілтемелердің берілу ретімен орналастырылады.

6.9.3 Пайдаланылған дереккөздер тізімінен кейін жеке парақтың ортасына «Қосымшалар» деген тақырып жазылады.

6.9.4 Әрбір қосымша жаңа парақтан басталады. «Қосымша» сөзі мен оның белгіленімі парақтың жоғарғы бөлігінің ортасына орналастырылады. Қосымшаның атауы болуы тиіс, ол жеке жолда, бас әріптен бастап, жолдың ортасына, соңына нүкте қойылмай басылады.

6.9.5 Қосымшалар Ё, З, Й, О, Ч, Ь, Ы, Ъ әріптерін қоспағанда, А әрпінен бастап орыс әліпбиінің бас әріптерімен белгіленеді. «Қосымша» сөзінен кейін оның реттілігін білдіретін әріп көрсетіледі, мысалы: «А қосымшасы».

6.9.6 Орыс әліпбиінің әріптері толық пайдаланылғаннан кейін қосымшаларды I және O әріптерін қоспағанда, латын әліпбиінің бас әріптерімен, одан кейін араб цифрларымен белгілеуге жол беріледі.

6.9.7 Егер жұмыста бір қосымша болса, ол «А қосымшасы» деп белгіленеді.

6.9.8 Қажет болған жағдайда қосымшаның мәтіні қосымша шегінде нөмірленетін бөлімдерге, бөлімшелерге, тармақтар мен тармақшаларға бөлінеді. Нөмірдің алдына қосымшаның белгіленімі қойылады, мысалы: А.1, А.1.1.

6.9.9 Қосымшаның белгіленімінен кейін дөңгелек жақша ішінде оның мәртебесі: «міндетті» немесе «анықтамалық» деп көрсетіледі.

7. МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ ҚОРҒАУҒА ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

7.1 Белгіленген талаптарға сәйкес аяқталған және ресімделген магистрлік диссертация (жоба) алдын ала қорғау рәсімінен өту үшін белгіленген қорғау күніне дейін кемінде бір ай бұрын бітіруші кафедраға ұсынылады.

7.2 Аяқталған жұмысты қарау нәтижелері бойынша ғылыми жетекші магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға жіберу мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы дәлелді қорытынды қамтылған жазбаша пікір ұсынады.

7.3 Магистрлік диссертацияның (жобаның) соңғы редакциясы бітіруші кафедрада алдын ала қорғаудан өткеннен және алынған ескертулер мен ұсынымдарды ескере отырып пысықталғаннан кейін мәтіндік сәйкестіктер мен плагиат белгілерінің бар-жоғына тексеруге жіберіледі.

7.4 Магистрлік диссертацияны (жобаны) рецензиялау үшін сыртқы рецензент тағайындалады. Рецензент ретінде ғылым кандидаты немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесі не философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі бар, біліктілігі мен

кәсіби қызметі білім беру бағдарламасының бейініне және рецензияланатын магистрлік диссертацияның (жобаның) тақырыбына сәйкес келетін маман тартылады.

7.5 Рецензенттердің кандидатуралары бітіруші кафедралардың ұсынуы бойынша олардың жұмыс орны, атқаратын лауазымы, ғылым кандидаты немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесі не философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі, сондай-ақ білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін білімі мен кәсіби қызметі туралы мәліметтер көрсетіле отырып, Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

7.6 Магистрлік диссертацияны (жобаны) зерделеу нәтижелері бойынша рецензент жазбаша рецензия дайындайды, онда тақырыптың өзектілігін, алынған нәтижелердің, қорытындылар мен ұсынымдардың негізділігін, олардың жаңалығы мен практикалық маңыздылығын бағалайды. Рецензияның қорытынды бөлігінде балдық-әріптік жүйе бойынша ұсынылатын баға және магистрлік диссертацияның (жобаның) белгіленген талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы дәлелді қорытынды көрсетіледі.

7.7 Рецензия баспа түрінде ресімделеді және дайындалған күні көрсетіле отырып, рецензент қол қояды. Рецензенттің қолы оның жұмыс орны бойынша куәландырылады. Ұйымның мөрі болған жағдайда қол мөрмен расталады.

7.8 Рецензия магистрантқа магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға дейін ұсынылады.

8. МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ/ ЖОБАНЫ ҚОРҒАУ РӘСІМІ

8.1 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша аттестаттау комиссиясының отырысында өткізіледі.

8.2 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау мынадай құжаттар мен шарттар болған кезде өткізіледі:

8.2.1 ғылыми жетекшінің оң пікірі;

8.2.2 диссертацияның (жобаның) тақырыбы бойынша ғылыми басылымдарда кемінде бір жарияланымның және (немесе) ғылыми-практикалық конференцияда кемінде бір баяндаманың болуы;

8.2.3 магистрлік диссертацияға (жобаға) жан-жақты баға және жұмыстың белгіленген талаптарға сәйкестігі әрі оны қорғауға жіберу мүмкіндігі туралы негізделген қорытынды қамтылған сыртқы рецензенттің рецензиясы;

8.2.4 магистрлік диссертацияны (жобаны) мәтіндік сәйкестіктер мен плагиат белгілерінің бар-жоғына тексеру нәтижелері бойынша қорытынды;

8.2.5 алдын ала қорғау нәтижелері бойынша бітіруші кафедраның оң шешімі.

8.3 Осы Ереженің 8.2-тармағында көзделген құжаттардың және (немесе) шарттардың бірі болмаған жағдайда магистрант магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға жіберілмейді. Қорғауға жібермеу туралы шешім бітіруші кафедра отырысының хаттамасымен ресімделеді және магистранттың назарына жеткізіледі.

8.4 Ғылыми жетекші мен сыртқы рецензент аттестаттау комиссиясының отырысына қатысуға және сөз сөйлеуге құқылы. Белгіленген тәртіппен ресімделген жазбаша пікір мен рецензия болған жағдайда олардың қатыспауы қорғауды өткізуге кедергі келтірмейді.

8.5 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау аттестаттау комиссиясының бекітілген құрамының кемінде үштен екісі қатысқан кезде өткізіледі.

8.6 Қорғау кезінде магистрант ұзақтығы 15 минутқа дейінгі баяндама жасап, онда магистрлік диссертацияның (жобаның) негізгі тұжырымдары мен нәтижелерін ұсынады.

8.7 Магистрлік диссертацияны (жобаны) бағалау кезінде мыналар ескеріледі:

8.7.1 қойылған міндеттердің орындалу толықтығы;

8.7.2 жүргізілген зерттеудің дербестігі;

8.7.3 зерттеу әдістері мен технологияларын қолданудың негізділігі;

8.7.4 әдебиеттерге жасалған шолудың толықтығы және пайдаланылған дереккөздердің өзектілігі;

8.7.5 алынған нәтижелерді ғылыми зерттеулерде, практикалық қызметте немесе білім беру процесінде қолдану мүмкіндігі;

8.7.6 материалдың сауатты әрі нақты баяндалуы;

8.7.7 жұмыстың ресімдеуге қойылатын белгіленген талаптарға сәйкестігі;

8.7.8 магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау кезіндегі баяндаманың сапасы (баяндаудың нақтылығы мен сауаттылығы, кәсіби терминологияны меңгеруі, демонстрациялық материалдың сапасы және т.б.);

8.7.9 қорғау кезінде қойылған сұрақтарға және рецензенттің ескертулеріне берілген жауаптардың дұрыстығы мен толықтығы.

8.8 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау нәтижелері әрбір магистрантқа жеке хаттамамен ресімделеді.

8.9 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау нәтижелері, сондай-ақ «магистр» дәрежесін беру және өзіндік үлгідегі дипломды табыстау туралы шешімдер жабық отырыста аттестаттау комиссиясының отырысқа қатысқан мүшелерінің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда комиссия төрағасының даусы шешуші болып табылады.

8.10 Магистратураның білім беру бағдарламасын меңгерген және магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау нысанындағы қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен магистрантқа аттестаттау комиссиясының шешімімен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесі беріледі және қосымшасы бар өзіндік үлгідегі диплом табысталады. Шешім аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасымен ресімделеді.

9. ҮДЕРІСПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

9.1 Тәуекелдер:	9.2 Тәуекелдерді алдын алу шаралары:
- ғылыми жетекшілердің біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;	ғылыми жетекшілердің кандидатураларын бекіткенге дейін олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру;
- магистрлік диссертациялар (жобалар) тақырыптарының өзектілігінің және жұмыстар сапасының жеткіліксіздігі;	магистрлік диссертациялардың (жобалардың) тақырыптарын бітіруші кафедралар мен академиялық комитеттердің қарауы; ғылыми жетекшілердің магистранттарға әдістемелік сүйемелдеу көрсетуі; алдын ала қорғауды өткізу;
- академиялық адалдық қағидаттарының бұзылуы, оның ішінде плагиаттың болуы;	магистрлік диссертацияларды (жобаларды) мәтіндік сәйкестіктер мен плагиат белгілерінің бар-жоғына тексеру; академиялық адалдық қағидаттарын сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- магистрлік диссертацияны (жобаны) дайындау және ұсыну мерзімдерінің сақталмауы;	ғылыми жетекші мен бітіруші кафедраның магистранттың жеке жұмыс жоспарының орындалуын бақылауы; алдын ала қорғауды уақтылы өткізу.

10. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

10.1 Осы Ережені Ректор бекітеді және ол бекітілген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

10.2 Осы Ереженің орындалуы мен қолданылуын қамтамасыз ету жөніндегі құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі мен өкілеттіктері мынадай тәртіппен бөлінеді:

Құрылымдық бөлімше	Өкілеттіктері
Ректор	– осы Ережені және оған енгізілетін өзгерістерді бекітеді; – Ғылыми кеңестің шешімі негізінде магистрлік диссертациялардың (жобалардың) тақырыптары мен ғылыми жетекшілердің кандидатураларын бұйрықпен бекітеді; – аттестаттау комиссиясының құрамын және рецензенттердің кандидатураларын белгіленген тәртіппен бекітеді.
АСж проректор	– магистрлік диссертацияларды (жобаларды) дайындау мен қорғауды ұйымдастыруға жалпы басшылықты және бақылауды жүзеге асырады; – осы Ережені іске асыру мәселелері бойынша Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.
ЖОКББ	– магистрлік диссертациялардың (жобалардың) тақырыптарын бекіту және түзету, ғылыми жетекшілер мен рецензенттерді тағайындау процестерін үйлестіреді; – белгіленген мерзімдер мен рәсімдердің сақталуын бақылайды; – бітіруші кафедралар мен магистранттарға консультациялық және ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеу көрсетеді; – тиісті бұйрықтардың жобаларын қалыптастырады; – магистранттардың қорытынды аттестаттауын ұйымдастыруға қатысады; – өз құзыреті шегінде құжаттардың сақталуы мен есепке алынуын қамтамасыз етеді.
Факультет декандары	– бітіруші кафедралардың магистрлік диссертацияларды (жобаларды) дайындау жөніндегі жұмысын ұйымдастыруын бақылайды; – кафедралардың осы Ереже талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді.
Бітіруші кафедралар	– магистрлік диссертациялардың (жобалардың) тақырыптарын әзірлейді және жыл сайын өзектендіреді; – магистранттардың тақырып пен ғылыми жетекшінің кандидатурасын таңдау туралы өтініштерін қарайды; – тақырыптарды бекіту және түзету, ғылыми жетекшілер мен рецензенттерді тағайындау жөнінде ұсыныстар енгізеді; – магистранттардың жеке жоспарларын орындауын бақылауды ұйымдастырады және алдын ала қорғауды өткізеді; – анықталған ескертулердің жойылуын және жұмыстардың белгіленген мерзімдерде қорғауға ұсынылуын қамтамасыз етеді.
Ғылыми жетекші	– магистрлік диссертацияға (жобаға) ғылыми жетекшілікті жүзеге асырады; – магистрантқа әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді; – магистранттың жеке жұмыс жоспарын әзірлеуге қатысады; – жұмыстың орындалу кезеңдерін, мазмұнын, сапасы мен мерзімдерін бақылайды; – академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді; – жұмысты қорғауға жіберу мүмкіндігі туралы дәлелді қорытынды қамтылған жазбаша пікір ұсынады.

Рецензент	– магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұны мен сапасына тәуелсіз баға береді; – нәтижелердің өзектілігін, негізділігін, жаңалығын, практикалық маңыздылығын және жұмыстың белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалайды; – дәлелді қорытындысы мен ұсынылатын бағасы бар жазбаша рецензия ұсынады.
АК	– магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауды өткізеді; – жұмыстың мазмұнын, зерттеу нәтижелерін, баяндаманың сапасын және магистранттың сұрақтарға берген жауаптарын бағалайды; – қорғау нәтижелерін бағалау және тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін беру туралы шешім қабылдайды; – қабылданатын шешімдердің объективтілігі мен алқалылығын қамтамасыз етеді.
Аттестаттау комиссиясының хатшысы	– аттестаттау комиссиясы отырыстарының ұйымдастырушылық-құжаттамалық сүйемелдеуін жүзеге асырады; – ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді; – отырыстардың хаттамаларын ресімдейді және олардың белгіленген тәртіппен сақтауға берілуін қамтамасыз етеді.
Магистрант	– бекітілген тақырып пен жеке жоспарға сәйкес магистрлік диссертацияны (жобаны) өз бетінше орындайды; – жұмыстың мазмұнына, ресімделуіне және ұсынылу мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтайды; – нәтижелердің дұрыстығы, қорытындылардың негізділігі, дәйексөздердің дұрыс келтірілуі және академиялық адалдық қағидаттарының сақталуы үшін жауапты болады; – алдын ала қорғаудан және жұмысты рұқсат етілмеген мәтіндік сәйкестіктердің бар-жоғына тексеруден уақтылы өтеді; – қорғауға жіберу үшін қажетті құжаттарды ұсынады.

ҚОСЫМШАЛАР

Н.ББББ-8.5-2026-48-01 (міндетті)

МҰҚАБА НЫСАНЫ

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ

Білім алушының тегі мен инициалдары

_____

(тақырыптың атауы)

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ ЖОБА

_____

(білім беру бағдарламасының шифры/коды және атауы)

Астана, 20____ ж.

Н.ББББ-8.5-2026-48-02 (міндетті)

ТИТУЛДЫҚ ПАРАҚ НЫСАНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Қ.ҚҰЛАЖАНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИЗНЕС УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ

Тегі, аты, әкесінің аты

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ (ЖОБАНЫҢ) АТАУЫ

Білім беру бағдарламасының шифры және атауы

«Магистр» дәрежесін алу үшін дайындалған
магистрлік диссертация (магистрлік жоба)

Магистрант

_____
(Т.А.Ә.) *(қолы)*

Ғылыми жетекші

_____
(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, Т.А.Ә.) *(қолы)*

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі «_____»

_____
(қолы, Т.А.Ә.)
«_____» _____ 20____ ж.

Астана 20__ж.

Н.ББББ-8.5-2026-48-03 (міндетті)

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ/ЖОБАНЫ РЕСІМДЕУ НЫСАНЫ

Мазмұны

Нормативтік сілтемелер 3
Анықтамалар, белгіленімдер мен қысқартулар 4
Кіріспе 5
1 Жобаны әзірлеудің теориялық негіздері 8
1.1 Мәселенің қазіргі жай-күйін талдау 8
1.2 Отандық және шетелдік зерттеулерге шолу 15
1.3 Қолданыстағы шешімдерді талдау 22
2 Жобаны әзірлеудің әдіснамасы мен ұйымдастырылуы 29
2.1 Жобаның мақсаты, міндеттері, объектісі мен пәні 29
2.2 Әзірлеу әдістері мен құралдары 33
2.3 Жобаны іске асыру кезеңдері 39
3 Жобаны іске асыру нәтижелері 46
3.1 Әзірленген шешімнің сипаттамасы 46
3.2 Алынған нәтижелерді талдау 55
Қорытынды 58
Пайдаланылған дереккөздер тізімі 59
А қосымшасы Жоба материалдары 60

Мысал

1 Жобаны әзірлеудің теориялық негіздері

1.1 Мәселенің қазіргі жай-күйін талдау

*Мәтін мәтін мәтін

Н.ББББ-8.5-2026-48-04 (міндетті)

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІНІҢ НЫСАНЫ

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Дюк В.А. Компьютерная психодиагностика. — Санкт-Петербург: Братство, 1994. - 364б.

2. Донцов В.И., Крутько В.Н., Кудашов А.А. Виртуальные приборы в биологии и медицине. М.: Ленанд 2009. — 216 б.

3. 3. Шарапов В.М. и др. Датчики. - М.: Техносфера, 2012. -624 б.

4. Кулачев А.П. Компьютерная электрофизиология и функциональная диагностика. — М.: Форум, ИНРФА-М, 2010. — 640 б.

5. Новые методы электрокардиографии // Под ред. Грачева СВ., Иванова ГГ., Сыркина А.Л. — М.: Техносфера, 2007. - 552 б.

6. Дмитриева НВ. Системная электрофизиология. Системный анализ электрофизиологических процессов. — М.: Сайнс-пресс, 2008. — 256 б.

7. Петин В.А. Проекты с использованием контроллера Arduino. — СанктПетербург: БХВ-Петербург, 2014. – 400б.

8. Орлов ЮМ. Электроды для измерения биоэлектрических потенциалов. — М.: МГТУ им. Н.Э.Баумана. - 2006. - 224 б.


9. Психологические тесты для профессионалов /l Сост Н.Ф. Гребень. — Минск: Соврем. Школа, 2007. — 496 б.

10. Хван А.А., Зайцев Ю.А., Кузнецова Ю,А. Стандартизация опросника А. Басса и А. Дарки //Психологическая диагностика, 2008, № 1, 35-58 бб.

Н.ББББ-8.5-2026-48-05 (міндетті)

СУРЕТТІ РЕСІМДЕУ НЫСАНЫ

1. Үшбұрышты ойықпен зарядтың активті бөлігін есептеу



1-сурет - Радиусы бар цилиндрлік заряд
а) бұрыштық, б) бүйір беті бойымен жартылай дөңгелек ойық

Н.ББББ-8.5-2026-48-06 (міндетті)

КЕСТЕНІ РЕСІМДЕУ НЫСАНЫ

1-кесте - Уран ядросын бөлудің энергетикалық базисі

Энергия түрі	Энергия		Бөлінуден босап шыққан жалпы энергиядағы үлесі, %
	ПДж	МэВ	
Бөліну бөлшектерінің кинетикалық энергиясы	26,9	168	83,5
Сол сияқты, бөліну нейтрондарының энергиясы		5	2,5
Бөліну өнімдерінің радиоактивтік сәулелену энергиясы	2,9	18	
Бөліну өнімдері шығаратын нейтрино энергиясы	1,6	10	
Барлығы	32,2	201	100,0
Ескертпе — Бір уран-235 ядросы бөлінгенде шамамен 201 МэВ энергия босатылады, оның шамамен 190 МэВ жылуға айналады. Нейтрино негізінен шашырайды (өте аз мөлшерде сіңіріледі), сондықтан олардың энергиясын энергетикалық мақсатта пайдалану мүмкін емес.			

Н.ББББ-8.5-2026-48-07 (міндетті)

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ/ЖОБАНЫ ӨЗ БЕТІНШЕ ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ НЫСАНЫ

Университет ректорына
_____
(Ректордың аты-жөні)
1 курс магистрантынан,
_____,
(ББББ коды мен атауы)
мамандық бойынша
білім алушы
_____
(магистранттың аты-жөні)

Өтініш

Мен, магистранттың Т.А.Ә.,
_____ тақырыбындағы
(тақырыптың атауы)

магистрлік диссертацияны/магистрлік жобаны өз бетімше орындағанымды және жария қорғау үшін аттестаттау комиссиясына ұсынғанымды мәлімдеймін.

Магистрлік диссертацияда/жобада плагиат және өзге де құқыққа сыйымсыз иемденулер жоқ. Баспа және электрондық дереккөздерден, сондай-ақ бұрын қорғалған бітіру біліктілік жұмыстарынан тікелей және жанама түрде алынған барлық материалдар тиісті дереккөздер көрсетіле отырып ресімделді.

Мен Университетте қолданыстағы магистрлік диссертацияны/жобаны орындауға, ресімдеуге және қорғауға қойылатын талаптармен таныстым. Плагиаттың анықталуы Университеттің академиялық саясатына, академиялық адалдық қағидаларына және өзге де ішкі құжаттарына сәйкес шаралар қолдануға негіз болатыны маған белгілі.

Күні / қолы _____

Н.ББББ-8.5-2026-48-08 (міндетті)

ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕР ТІЗІМІНІҢ НЫСАНЫ

_____ ББ бойынша білім алатын магистрант
Әлиева Аружан Серікқызының
ғылыми еңбектерінің тізімі

р/с	Жұмыстың атауы мен түрі	Жұмыстың сипаты (баспа түрінде немесе қолжазба күйінде)	Баспа, журнал, атауы, жылы, беті, авторлық куәлік, патент	Көлемі (б.т.)	Авторластарының Т.А.Ә.
	2	3	4	5	6
1	Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды стратегиялық басқарудың заманауи тәсілдері (мақала)	Баспа түрінде	ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы. — Алматы, 2025. — № 2. — 88–96-бб.	0,5 б. т.	-
2	Қазақстан кәсіпорындарындағы менеджмент жүйесін цифрлық трансформациялау (тезис)	Баспа түрінде	Экономика мен менеджментті дамытудың заманауи үрдістері: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. — Астана, 2025. — 125–128-бб.	0,25 б. т.	Әбдірахманова А. Н.

Магистрант А.Әлиева

Ғылыми хатшы _____

Н.ББББ-8.5-2026-48-09 (міндетті)

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ ПІКІРІНІҢ НЫСАНЫ

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ

ПІКІР

магистранттың магистрлік диссертациясына / магистрлік жобасына

_____

(магистранттың аты-жөні)

_____ тақырыбына

(тақырыптың атауы)

Пікір мазмұны:

- диссертацияның / жобаның мамандыққа және ғылым салаларына сәйкестігі;
- жұмыстың өзектілігіне сипаттама;
- теориялық деңгейі мен практикалық маңыздылығына сипаттама;
- қойылған мәселелердің шешілуінің толықтығы, тереңдігі және түпнұсқалығы туралы сипаттама;
- жұмыстың қорғауға дайындық деңгейіне баға.

_____

Дәлелді қорытынды: «қорғауға жіберілсін» немесе «қорғауға жіберілмесін».

Ғылыми жетекші _____ _____ _____

/аты-жөні/ /қолы/ /ғылыми дәрежесі/

«_____»_____20___ж.

Н.ББББ-8.5-2026-48-10 (міндетті)

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯҒА/ЖОБАҒА БЕРІЛЕТІН РЕЦЕНЗИЯ НЫСАНЫ

РЕЦЕНЗИЯ

магистранттың магистрлік диссертациясына / магистрлік жобасына

_____

(магистранттың аты-жөні)

_____

_____

_____

_____

тақырыбына

(тақырыптың атауы)

Рецензия мазмұны:

- таңдалған тақырыптың өзектілігіне баға беру;
- диссертацияда тұжырымдалған ғылыми қағидалардың, қорытындылар мен ұсынымдардың негізділік дәрежесіне баға беру;
- диссертацияда / жобада тұжырымдалған әрбір ғылыми қағиданың, қорытындының, тұжырымның жаңашылдығы дәрежесіне баға беру;
- диссертацияның / жобаның мазмұны мен рәсімделуі бойынша кемшіліктерін талдау.

Рецензияның қорытынды бөлімінде баллдық-рейтингтік жүйе бойынша бағасын көрсете отырып және тиісті мамандық бойынша «магистр» дәрежесін беру мүмкіндігін айқындай отырып, дәлелді қорытынды берілуі тиіс.

Рецензент _____ _____ _____

/аты-жөні/ /қолы/ /ғылыми дәрежесі/

«_____»_____20___ж.

Н.ББББ-8.5-2026-48-11 (міндетті)

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ/ЖОБАНЫҢ МАЗМҰНЫНА СӘЙКЕСТІК МАТРИЦАСЫНЫҢ НЫСАНЫ

Оқыту нәтижелерінің магистрлік диссертацияның/жобаның мазмұнына сәйкестік матрицасы

№	ОН коды мен тұжырымдалуы	Міндеттің қойылуы және тәсілдің негіздемесі	Бастапқы деректерді талдау	Әзірленген шешім, қорытынды нәтиже немесе өнім және оның негіздемесі
1	ОН 1	+		
2	ОН 2		+	+

Н.СДД-7.5-2026-01-02 (міндетті)

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
ТжӘЖж проректор	Бердіғалиұлы С.	12.10.2026	
СДД Директоры	Оразалина Д.К.	12.10.2026	
СМЖ бөлімінің басшысы	Эрнст А.	12.10.2026	
ББББ басшысы	Баядилова Б.М.	12.10.2026	
ЖОКББ басшысы	Жунусбекова Г.Ж.	12.10.2026	

Н.СДД-7.5-2026-01-03 (міндетті)

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
ЖСОКББ басшысы	Жунусбекова Г.Ж.	12.10.2026	
ЖСОКББ ісқағ. маман	Урекешова А.Б.	12.10.2026	
ЖСОКББ маманы	Тлебиева А.А.	12.10.2026	
ТжФ деканы	Садуақас Ж.Е.	12.10.2026	
"ЭжБ" фак. деканы	Мажоши М.К.	12.10.2026	
"ИжАТ" фак. деканы	Серикбетов Б.А.	12.10.2026	
"ЭжС" каф. мең.	Машалова Н.С.	12.10.2026	
"ЖСВТжД" каф. мең.	Жоқабергенова К.Д.	12.10.2026	
"ЖИжТТТТ" каф. мең.	Нуртай Ж.Т.	12.10.2026	
"Туризм және сервис" каф. мең.	Жунусова Ф.Ғ.	12.10.2026	
"Менеджмент" каф. мең.	Әбдиманова К.Е.	12.10.2026	
"ЭжҚ" каф. мең.	Бекбергенова Г.Ж.	12.10.2026	
"Мұж ІСТ" каф. мең.	Қайдарова Ж.Ж.	12.10.2026	
"Т" каф. мең.	Әбдукаримова Ә.Ғ.	12.10.2026	
"ЖИнА" каф. мең.	Әбішев Ж.М.	12.10.2026	
"ЭТТ" каф. мең.	Магауенов Ә.Ғ.	12.10.2026	

Н.СДД-7.5-2026-01-04 (міндетті)

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Өзгерту нөмірі	Өзгерту туралы хабарлама нөмірі	Парақтардың (беттердің)нөмірі				Барлық парақтар (өзгерістер ден кейін)	Енгізу күні	Өзгерістер енгізуді жүзеге асырат ын адамны н аты - жөні	Өзгерісте рді енгізген адамның қолы
		өзгерті лген	ауыстыр ылды	жаңа	жойы лған				

Н.СДД-7.5-2026-01-05 (міндетті)

МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ ЖАЗБАЛАРЫ ПАРАҒЫ

Тексеріс күні	Тексерген адамның аты – жөні	Тексерген адамның қолы	Ескертулерді тұжырымдау